«КЕЛІСІЛДІ»
«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы»МКҚК
Әдіскері:Баграмова Н.С. _
«29» 11 2024 жыл

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: **«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК**
Топ:«Қошақан» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 02.12-06.12 .2024ж

Күнтәр тібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 02.12**	**Сейсенбі 03.12**	**Сәрсенбі 04.12**	**Бейсенбі 05.12**	**Жұма 06.12**
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу**.** **Суретпен жұмыс** **«Менің Қазақстаным»** **Міндеті:** Отан сүйгіштікке тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі***)** **Дидактикалық ойын:** **«Әуенінен таны»** **Міндеті:** Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. **(музыка****)**	Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу**.** **«Өз ұяшығын тап»** **Міндеті:** Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. **(математика негіздері)** **Дидактикалық ойын:** **«Қатты-ақырын»** **Міндеті:** **Музыкалық** ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру	Балаларды жақсы көңіл -күймен қарсы алу. **«Тәуелсіз Қазақстан»** **Міндеті:** Қазақстан туралы түсінік беру. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет қазақ тілі***)** **Дидактикалық ойын: «Кім қалай жүреді?»** **Міндеті:** Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. **(музыка****)**	Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру. **«Бұл қай кезде болады?»** **Міндеті:** Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** **Дидактикалық ойын:** **«Музыкалық балға»** **Музыкалық** ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының(музыкалық балға, сылдырмақ) дыбысталуын ажырата	Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі***)** **Дидактикалық ойын:** **«Шаршы құрастыр»** **Міндеті:** Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. **(құрастыру, мүсіндеу)** **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау** **Міндеті:** Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. **(музыка****)**

		(музыка**)**		білуді жетілдіру **(музыка****)**	
Ата-аналармен немесе баланың басақа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	**Ата-аналарға кеңес:** Тәуелсіздік күніне орай балаларға тақпақты үйден қадағалап жаттату.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналарға кеңес:** Үйде Әнұран қайталау.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналарға тапсырма:**Үйге берілген тапсырмалардың орындалуын қадағалау
Балалардың дербес әрекеті (баяу Қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата»,«Суреттерді орналастыру», «Дауысынан таны», «Бұл кімнің дауысы?» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышы нмекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. **Балармен жеке жұмыс.** Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруінеықпал ету.Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарынқалыптастыру.				
Ертеңгілік жаттығу	ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ №7 (затсыз орындалады) Б. Қ. Бастапқы қалып. Қолды артқа жіберіп, аяқты сәл ашып, тіке тұру. Тәрбиеші «Аяғымызды жасырамыз» дегенде, отырып, аяқтарын құшақтайды. «Аяқтарың қайсы»-- дегенде орындарынан тұрып, бір жерде тұрып аяқтарын топылдатып –«Міне, біздің аяқтарымыз» - дейді. 5 - 6 рет қайталау. Б. қ. Қолды белге қойып, аяқты алшақ қойып, тіке тұру. Аяқты сәл бүгіп, үздіксіз отырып – тұру. 6 – рет қайталау. Өкшені көтеріп жеңіл – желпі жүгіру. **(дене шынықтыру**)**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **Ойын - жаттығу:** Дос бол сабын, сумен сен, Жиі - жиі жуын сен, Тәңертең де кешке де, Жуын күндіз - кешке де, Жуын күндіз - түсте де, Жуын тамақ алдында. **(сөйлеуді дамыту және**	Өз орнына отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету

				көркем әдебиет)	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	Таңғы жиын. «Бала бала балақан» видеосын көрсетіп,қимыл қозғалыстар жасау	«Қай ертегінің кейіпкері» **Міндеті:**ертегілерді ажыратуға үйрету, суретін салуға үйрету**(көркем әдебиет, сурет салу)**	. «Қазақстан туралы не білесіңдер?»тақырыбын да әңгімелесу негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату**(сөйлеуді дамыту, жапсыру)**	«Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау	«Бауырсақ» **Міндеті:** ертегілерді ажыратуға үйрету, жапсыруға үйрету **(жапсыру)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ*	**Дене шынықтыру** **Жалпы дамыту жаттығулары.**Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен) **Негізгі қимылдар.** **Жүру.** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бірбірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен	**Қазақ тілі** **Менің Отаным – Қазақстан»** **Міндеті:** Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру	**Дене шынықтыру** **Жалпы дамыту жаттығулары.** **Міндеті:** Жалпы дамыту жаттығулары.Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен) **Музыка** **Музыка тыңдау.** **Міндеті:**Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету..	**Дене шынықтыру** **Жүгіру.** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. **Секіру.** Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру.	
Серуенге дайындық	Балалардың ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.	Топта(терезенің алдына шықпау,розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс	Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет**	Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен

		түскенде таяныштан ұстау) қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру	киінуін бақылау.	**ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.	киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).
Серуен	Ауа-райыныңжағдайынаны қтау(суық,жылы,ыстық),табиғаттамаусымдық құбылыстарын бақылату күнтізбесінде жылдың күзгімезгілдеріндегі ауа-райыныңжай-күйінбелгілету. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Отан** Отан деген-атамекен, Отан деген-туған жер. Отан-ана Отан-үлкен. Қазақстан – туған ел. Е.Өтетілеуұлы **(көркем әдебиет)** Балалардың дербес әрекетін дамытатын «Өзара айырмашылығын тап» атты Қимылды ойынын ойнату	Құстарды ауызша санату. Үлкен кіші екенін салыстыру. Алыста жақында сөздерінің мағынасын түсіндіру.Құс ұяларын салыстыру ды ұйымдастыру. **(математика негіздері)** Қимылды ойын: «Үйдің есігін жабайық» Қарда аяқ киімнің іздеррімен жол салу, ағаштардың қарын түсіру.	Күн тәртібімен таныстыру арқылытәулік бөліктерін тану және атату - таңертең, күндіз, кеш, түн**. (математика негіздері)** Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Қыстағы ағаштардың бейнесі туралы ақпарат беріп бақылау. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіреотырып,өзініңтуған жеріне,отанынадегенсүйіспеншіліксезімінояту. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: «Поезд» Қардан қарапайым құрылыстар құрастырту. **(математика негіздері, құрастыру)**	Ағаштардан түскен бұталарды жинап, салыстыру. "үлкен – кіші", "үлкенірек – кішірек" «Енді, енсіз» деген сөздерді қолдануды үйрету. **(математика негіздері)** Құрылыс материалдарынан ғажайып қалалар құрастыру **(құрастыру)**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде	Асықпай бір-бірін	Жұмбақтар шешу,	Топта киетін аяқ киімдерін	Киініп болған соң

	жылдам қатарға тұруды дағдыландыру.	итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, қиюін қалыптастыру.	өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**	өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.	сөрелеріне киімдерін бүктеп салу
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	Тағамды асықпай жеу керек.	Ас ішер алдында қолыңды жуу керек.	**Көркем сөз:** Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар.	Асхананы бақылау,аспазшылардың еңбегін бағалау
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін және т.б ертегілерді оқып беру **(музыка****)** «Үш аю» ертегісін оқып беру **(көркем әдебиет, қазақ тілі***)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). Аяқ қолға, көзге арналған жаттығулар кешені. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну.				
Бесін ас	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** **Ойын-жаттығу** **«Таза қолдар»** Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын» **«Ас адамның арқауы»** **Міндеті:** Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру, сұрақ-жауап				
Балалардың дербес әрекеті (баяу Қимылды	Туды көрсету оның көлемі,түсі,пішіні туралы айту.	Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы	Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы	Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға бөлу	**«Қарағай»** Көкке бойын созады, Көпке қолын созады.

ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Артығын тап» дидактикалық ойынын ойнату. **(математика негіздері)** Күннің мүсінін жасату. **(Мүсіндеу)** Көк параққа күнді жапсыру. **(жапсыру)** **Құрастыру Міндеті:** қарапайым құрылыстар құрастырту. **(математика негіздері, құрастыру)**	бойынша әр түрлі құрылымдар жасауды үйрету **(құрастыру)** Геометриялық пішіндер арқылы жануарлардың суреттерін бояту, тұзды қамырды пайдаланып жануар мүсінін жасату. Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерден жануарларды жапсырту. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**	бойынша әр түрлі құрылымдар жасауды үйрету **(құрастыру)** Ермексаздан ағаштың мүсінін жасату. Ағаштардың суретін бояту. **(сурет салу, мүсіндеу)**	Ермексаздан жануарлар жасап орманға орналастыру. Менің Қазақстаным тақырыбында композицияны фланелеграфта жапсырту **(мүсіндеу, жапсыру)**	Кең құшағын ашады, Көлеңкесін тосады. Көк қарағай, қарағай, Мейірбанды анадай. *М.Әлімбаев* Тақпақты жаттау. Бір біріне айтып беру. **(көркем әдебиет)**
Балалармен жеке жұмыс	**Аққала Міндеті:** сурет салуға үйрету **(сурет салу)** ***Ағыбай Айсултан***	**«Қыс»** өлеңін тыңдап, «жапалақтап» сөзін дұрыс айтуға үйрету **Міндеті:** сөйлеуді дамыту,есте сақтап қалу дағдысын қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет**) ***Базарбаева Аружан***	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. **(дене шынықтыру**)** ***Бердібек Ағжан***	Қазақ және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру **Міндеті:** Қолөнер түрлерін білуін дамыту **(сурет салу)** ***Амангелді Алуа***	Қазақ және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру **Міндеті:**Қолөнер түрлерін білуін дамыту **(сурет салу)** ***Асқар Альнур***
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.	Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.	Балаларды серуенге ынталандыру,серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, орнымен	Аяқ киім, бас киім, күртеше сөздерін қайталау.Түймелерін дұрыс салу дағдыларын қалыптастыру. балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен

				қолдануға баулу.	бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.
Серуен	**Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау.** ***(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)*** Болжау. Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. Мақал-мәтел Қыс қандай болса, жаз да осындай. Балаларға қалауы бойынша аулаға ойыншықтарды алып, шығуына мүмкіндік беру. Еркін ойындар Қимылды ойын:Қоян мен қасқыр	**Күннің ұзақтығын байқау.** ***(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)*** Мақал-мәтел. Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ. **Бақылау:** желтоқсанда күн қысқа, түн ұзақ, соған назар аудару. Балалардың сөздік қорының құрамына көніл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру. **Қимылды ойын. «Бермеймін». (дене шынықтыру**)** **Міндеттері:**қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. Балаларды күшті болуға, шыдамдылықпен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу. **Еңбек:** ауланы түскен бұтақтардан жинастыруға, тәрбиешіге көмектесуге ынталандыру, әр баланың еңбекке жүйелі	**Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай?** ***(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)*** Мақал-мәтел. Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады. **Бақылау:** қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың	**Ағаш пен бұталарды бақылау (ағаштар: қайың, шырша, алма ағашы; бұталар: жұпаргүл, шие).*****(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)*** Көркем сөз. «Қарағай». Тау баурайын - жағалай, Биік-биік қарағай. Оқтай түзу бойлары, Шымыр өскен баладай. **Бақылау.** Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы сұлулығына аудару (жапырақ жоқ). Ағаштың сыртқы түрлерін ажырата білуге жаттықтыру (ағаштың пішіні, бұтаның орналасуы, тамырдың түрі мен сыртқы пішіні); ағаштар: терек, қайың, шырша, гүлшетен, алма ағашы; бұталар: долана, жұпаргүл, шие. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының тез сынғыш болатынын түсіндіру. Балаларды ағаштарға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.	**Құстарды бақылау (сары шымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін).** ***(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)*** Көркем сөз. Шыр-шыр еткен торғайды. Қорғамасаң болмайды, Кіп-кішкентай торғайлар, Бақшамызды қорғайды. Жұмбақ. Қалқып тұрып аспанда, Үн шығарып сан қилы, Өнеріне басқанда, Тұла бойың балқиды. (Бозторғай) **Бақылау:**құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу (көлемі және түстеріне байланысты). Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету (сауысқанның қадамы үлкен; торғай екі аяғымен секіреді; көгершін - жиі, ұсақ қадамдар жасайды т.б.) Құстар ұшып

		қатысуын қамтамасыз ету.	өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету. **Қимылды ойын «Аю апанында».** **(дене шынықтыру**)** Ауладағы тазалықты сақтау ережелерімен таныстыруды жалғастыру. **Қимылды ойын:** Тышқандар мен мысық	**Қимылды ойын «Шаңғы жарысы».** **(дене шынықтыру**)** Дыбыс белгісіне көңіл бөлу (шанада отырып, аяқпен итеру; үстінде отырып, қолмен итеру). Дене шынықтыру әрекетінде алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатысуға ынталандыру. Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру. **(музыка****)** Доппен ойындар.	жүргенде немесе отырғанда жақсы көрінеді, егер олар ағаштың бұталарында отырса ажырату қиынға соғады. Құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Оларды қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру. **Қимылды ойын «Қарғалар».** **(дене шынықтыру**)** **Міндеті:** Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру
Балалардың үйге қайтуы	Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету. **Сөздік минимум:** Сау болыңыз! **(қазақ тілі***)**	Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау.	Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету. **Сөздік минимум:** Сау болыңыз! **(қазақ тілі***)**	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Апта бойы алған әсерлерімен бөлісу, жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым : «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Топ: «Қошақан» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 09.12-13.12. 2024 ж

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 09.12**	**Сейсенбі 10.12**	**Сәрсенбі 11.12**	**Бейсенбі 12.12**	**Жұма 13.12**
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңғы балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл-күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, баланың қазіргі көңіл-күйі, оны не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білдіру.				
	Санамақтар айтқызу Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.айтқызу Жем шоқыған торғайға Көзі бірден түсіп, **(қазақ тілі***, математика негіздері)**	Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу**.** **«Өз ұяшығын тап» Міндеті:** Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. **(математика негіздері)**	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **Суретпен жұмыс:** «Суретші қай жыл мезгілін салды?» Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру. **(қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі***)**	Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру. **«Бұл қай кезде болады?» Міндеті:** Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі***)**	**Суретпен жұмыс:** «Көңілді қыс» **Міндеті:** Балалардың коммуникативтік құзреттілігін таныту. **(көркем әдебиет, қазақ тілі***)**
Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілімен кеңес, әңгімелесу	**«Ата-анамен сұхбат» Міндеттері:**Ата-ананың өзара қарым –қатынасын жақсарту.	**Ата-аналарға кеңес:** «Балаңызбен демалысты қалай өткізесіз?» Ата-	**Ата-аналарға кеңес:** Үйде Әнұран қайталату. **(музыка****)**	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік

		аналармен сұхбат.			жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (баяу Қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Үстел үсті ойыны:** «Бөліктерді құрастыр» **Міндеті:** Зейіндікке баулу.(**құрастыру)** **Дидактикалық ойын:«Өз туыңды тап»** **Міндеті:** Мемлекеттік рәміздерді тануға үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу)** **«Сипап көр»** **Міндеті:** Сипап сезу арқылы көкөністердің атын табу**.** **(математика негіздері)** **«Қар кесегі»** **Міндеті:**Балаларға қарандашты дұрыс ұстай білуді үйрету, қар кесегінің суретін салғызу арқылы әдемілікке баулу. **(қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу)**				
Ертеңгілік жаттығу	ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ №7 (затсыз орындалады) Б. Қ. Бастапқы қалып. Қолды артқа жіберіп, аяқты сәл ашып, тіке тұру. Тәрбиеші «Аяғымызды жасырамыз» дегенде, отырып, аяқтарын құшақтайды. «Аяқтарың қайсы»-- дегенде орындарынан тұрып, бір жерде тұрып аяқтарын топылдатып –«Міне, біздің аяқтарымыз» - дейді. 5 - 6 рет қайталау. Б. қ. Қолды белге қойып, аяқты алшақ қойып, тіке тұру. Аяқты сәл бүгіп, үздіксіз отырып – тұру. 6 – рет қайталау. **Өкшені көтеріп жеңіл – желпі жүгіру. (дене шынықтыру**)**				
Таңғы ас	**«Ас адамның арқауы»** **Міндеті:** Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап **Ойын-жаттығу** **«Таза қолдар»** Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын» **Ас қайыру тақпағы:** Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз ән болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз оң болсын! Әумин! **Ойын- жаттығу:** Астың алды үнемі,				

	Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (Бұдан әрі-ҰІӘ)	**Қимыл-қозғалыс ойыны ойын «Пойыз?»** **Міндеттері:** Бірлескен Қимылды ойындарға қатысады. **Міндеттері:** Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. **(дене шынықтыру**, музыка****)**	**Сюжеттік- рөлдік ойын** **«Автобус»** **Міндеттері:** Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. **(қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі***)**	**Дидактикалық ойын:** **«Ертегілер елінде»** **Міндеттері:** Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарынталқылау. **Міндеттері:** Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. **((сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, музыка ****)**	**Дидактикалық ойын:** **«Бұл қай мезгіл?»** **Міндеттері:** Бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сурет салу)**	**Сюжеттік - рөлдік ойын:** **«Қонақжай»** **Міндеттері:** Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, музыка****)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ*	**Дене шынықтыру** **Домалату, лақтыру, қағып алу.** **Міндеті: Домалату, лақтыру, қағып алу.** Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол	**Қазақ тілі** **«Еліміздің астанасы»** **Тілдің грамматикалық құрылымы.** **Міндеті:**Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.	**Дене шынықтыру** **Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** **Міндеті:** Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірі нің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы,	**Дене шынықтыру** **Қимылды ойындар.** **Міндеті: Қимылды** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес	

	қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру. **Тепе-теңдікті сақтау.** Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.		шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. **Музыка Ән айту. Міндеті:**Әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету.	әрекет етуге үйрету. **Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. .	
	«Қыс қызығы» Міндеттері: Музыкалық жанрлар: маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту. Әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық	Қыста қандай ойындар ойнауға болады? Балалардың ойын тыңдау, суреттер арқылы ойын түрлерімен таныстыру. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ойын құралдарының суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**	Балалардың қалауы бойынша топтағы қалаған ойыншығын алуына жағдай жасап ойнату Таңдаған ойыншығының **(сурет салу және жапсыру, мүсіндеу)** жұмыстарын орындату Үй жануарлары мен жабайы жануарлар ойыншықтарын тамашалау. Қандай ойындар ойнауға болатынын сұрау. Дауыстарынан тану. Еркін ойындар	Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту ла-ла-ла Арман жақсы бала, қа-қа-қаБақылдайдыбақа. Тіл ұстарту жаттығуын жасату **(сөйлеуді дамыту)** Қуыршақтармен ойын. Әлдилеу, тамақтандыру, ұйықтату. Өзінің сүйікті қуыршағының киімін бояу немесе ермексаздан сөмке, әшекей заттар жасауды меңгерту. **(сурет салу,**	«Ғажайып қоржын» ішінен бір ойыншықты ұстап сезу, бірақ көрмей атын атау.Қоржындағы ойыншықтарды сипаттауын ұйымдастыру. Қоржыннан алған ойыншықтың сыңарын тапқызу. Сол ойыншыққа байланысты өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

	аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. **(музыка****)**		ұйымдастыру. **(сөйлеуді дамыту)**	**мүсіндеу).**	
2-ші таңғы ас	**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру** Адамның денсаулығына пайдалы (көкөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тіттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. **Дене шынықтыру**** Отырамыз тамаққа Орындықты жақындат. Оң қолға ал қасықты, Түзу ұста арқаны Тауысып іш тамақты, Ас- адамның арқауы.				
Серуенгедайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**Бақылау:** **Қарды бақылау** **Міндеттері:**Қоршаған ортаның әсемдігін сезінебілуге үйрету.Қардың әдемі пішінін тамашалайық. **Еңбекке баулу:** есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдарың үстіне құм себу. **Міндеттері**:Мүмкіндікте	Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде енбек әрекетіне ынталандыру. Аула тазалаушы мен бақташыға көмектесу. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Қардан доп құрастыру, нысанға дәлдеп лақтыруын үйрету. **(құрастыру)**	Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбие негізінде балалардың назарын адамныңжекеқасиеттеріне(мейірімді,жанашыр)аудару. Екі аюдың таласып қалғанын көрсету. Олардың орнында болғанда не істер едік, сұрау. **(қоршаған ортамен таныстыру** Еркін	Қарға түскен іздерді салыстыру. Ересек адамның ізі үлкен, балалардікі кішкентай, жануарлардікі қандай болады. Лупамен қарап, із кезуші ойынын ойнау. **(қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері,**	Серуенге алып шыққан ойыншықтарды салыстыру, бөлшектерін атау. Солдан оңға қарай орналастыру әркеттерін жасату **(қоршаған ортамен таныстыру,құрастыру, математика негіздері)** Қардан доп жасау, оны домалатып, ұшырып

	ріне қарай аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. **Қимылды ойын: «Қоян мен аңшы»** **Міндеттері:** Қимылды ойындарды ойнату. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **(дене шынықтыру**)** **Жеке жұмыс:** **Қимылды ойын: «Ұшақтар»** **Міндеттері:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта жүгіру.	Еркін ойындар, жеке іс әрекеттер **Қимылды ойын** «Тышқандар мен мысық» **Міндеті:** Кеңістікті бағдарлауға арналған «жүгір», «ұста»,«тұр» белгілеріне сәйкес әрекететуге үйрету **(дене шынықтыру**)**	ойындар. Құрастыру материалдарымен достық үйшігін жасату. **(құрастыру)** **Қимылды ойын «Поезд»** Кеңістікті бағдарлауға арналған «жүгір», «ұста»,«тұр» белгілеріне сәйкес әрекететуге үйрету **(дене шынықтыру**)**	**құрастыру)** Еркін ойындар **Қимылды ойын «Әткеншек»** Кеңістікті бағдарлауға арналған «жүгір», «ұста»,«тұр» белгілеріне сәйкес әрекететуге үйрету **(дене шынықтыру**)**	көру. Доп пен қардан жасалған допты салыстыруды ұйымдастыру. **(құрастыру)** Еркін ойындар **Қимылды ойын «Әткеншек»** Кеңістікті бағдарлауға арналған «жүгір», «ұста»,«тұр» белгілеріне сәйкес әрекететуге үйрету **(дене шынықтыру**)**
Серуеннен оралу	Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Түскі ас	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ойыншықтар туралы ертегілер оқып беру **(көркем әдебиет)** Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды құрылғыдан ертегі тыңдату. (**көркем әдебиет, музыка****) Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Шынықтыр ушараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Киімдерін реттілікпен өз дігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**				

	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). Шынықтыру шараларын жүргізу,жаттығулар мен массаж жасау. (дене жаттығулар мен белсенділігі)				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдеметін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**. **Ойын-жаттығу:** **«Таза қолдар»** Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын» Кезекшілердіңжұмысынменгеру (асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою, соңынан жинау) **«Ас адамның арқауы»** **Міндеті:** Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап				
Балалардың дербес әрекеті (баяу Қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Менің әжем»** **Міндеттері:** Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, жапсыру)**	Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі***)** «Не дәмді?» ертегісін айтып беру, қайталап айту дағдыларын дамыту. Көңілді музыкаға би билеуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, музыка****)** Қарама-қарсы тәулік	Балабақша ауласында мекендейтін жануарлар туралы айту, көрсету. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** «Артығын тап» дидактикалық ойын негізінде геометриялық пішіндерді тану және атауды пысықтау **(математика негіздері)**	Қуыршақ бейнесі бар қағаздың бетіне дайын киімдерді жапсыруды үйрету. **(жапсыру)** Әндер мен тақпақтар және билерді қайталату. Жаңа жылдық ертеңгілікке дайындық **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, музыка****)** Құрастыру материалдарынан қуыршаққа үйшік құрастыруды жетілдіру. **(құрастыру)** Еркін іс әрекеттер	Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру. Мүсіндеубарысындақа уіпсіздіктісақтауға,ұқыптыболуғабаулу. Фланелеграфта сүйікті ойын құралдарын жапсырту. Ойыншықтарының суретін бояту **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Еркін іс әрекеттер

		бөліктерін бағдарлауына :күндіз-түнде,таңертең-кешке жағдай жасау **(математика негіздері)**			
Балалармен жеке жұмыс	**«Бауырсақ» ертегісі Міндеттері:** Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау **(сурет салу)** ***Бердібек Мағжан***	**«Геометриялық фигураларды есіңде сақта» Міндеттері:** Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру**.(математика негіздері)** ***Жеңіс Зере***	**«Жемістерді бейнеле» Міндеттері:** Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру **(сурет салу)** ***Совет Арыстан***	**«Менің сүйікті ойыншығым» Міндеттері:** Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басуды дағдыландыру. **(сурет салу)** ***Қасым Нұрайым***	**«Қоянға анасын табуға көмектес» Міндеттері:** Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып үйрету **(сурет салу)**. ***Мусин Расул***
Серуенге дайындық	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				

Серуен	**Бақылау:** **Қарды бақылау** **Міндеттері:**Қоршаған ортаның әсемдігін сезінебілуге үйрету.Қардың әдемі пішінін тамашалайық. **Еңбекке баулу:** есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдарың үстіне құм себу. **Міндеттері**:Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. **Қимылды ойын:** **«Қоян мен аңшы»** **Міндеттері:** Қимылды ойындарды ойнату. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **(дене шынықтыру**)** **Жеке жұмыс:** **Қимылды ойын:** **«Ұшақтар»** **Міндеттері:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта жүгіру.	Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде еңбек әрекетіне ынталандыру. Аула тазалаушы мен бақташыға көмектесу. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Қардан доп құрастыру, нысанға дәлдеп лақтыруын үйрету. **(құрастыру)** Еркін ойындар, жеке іс әрекеттер **Қимылды ойын** «Тышқандар мен мысық» **Міндеті:** Кеңістікті бағдарлауға арналған «жүгір», «ұста»,«тұр» белгілеріне сәйкес әрекететуге үйрету **(дене шынықтыру**)**	Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбие негізінде балалардың назарын адамныңжекеқасиеттеріне(мейірімді,жанашыр)аудару. Екі аюдың таласып қалғанын көрсету. Олардың орнында болғанда не істер едік, сұрау. **(қоршаған ортамен таныстыру** Еркін ойындар. Құрастыру материалдарымен достық үйшігін жасату. **(құрастыру)** **Қимылды ойын** **«Поезд»** Кеңістікті бағдарлауға арналған «жүгір», «ұста»,«тұр» белгілеріне сәйкес әрекететуге үйрету **(дене шынықтыру**)**	Қарға түскен іздерді салыстыру. Ересек адамның ізі үлкен, балалардікі кішкентай, жануарлардікі қандай болады. Лупамен қарап, із кезуші ойынын ойнау. **(қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері, құрастыру)** Еркін ойындар **Қимылды ойын** **«Әткеншек»** Кеңістікті бағдарлауға арналған «жүгір», «ұста»,«тұр» белгілеріне сәйкес әрекететуге үйрету **(дене шынықтыру**)**	Серуенге алып шыққан ойыншықтарды салыстыру, бөлшектерін атау. Солдан оңға қарай орналастыру әркеттерін жасату **(қоршаған ортамен таныстыру,құрастыру, математика негіздері)** Қардан доп жасау, оны домалатып, ұшырып көру. Доп пен қардан жасалған допты салыстыруды ұйымдастыру. **(құрастыру)** Еркін ойындар **Қимылды ойын** **«Әткеншек»** Кеңістікті бағдарлауға арналған «жүгір», «ұста»,«тұр» белгілеріне сәйкес әрекететуге үйрету **(дене шынықтыру**)**
Серуеннен оралу	Қатармен жүріп әндетіп серуеннен топқа оралу. Сырт киімдерін шешіп ұқыпты шкафтарын жинау. Қолдарын сұйық сабынмен ұқыпты жуып сумен дұрыс шаюға дағдыландыру				

Балалардың дербес әрекеті (қимылды ойындары, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**«Үш аю» ертегісін оқып беру.** **Міндеттері:** Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). **Міндеттері:** Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. **(қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері, мүсіндеу, құрастыру)**	**Сурет бойынша әңгімелеу** **Міндеттері:** Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану. **Міндеттері:** Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. **Міндеттері:** Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі ***, мүсіндеу)**	**«Баспалдақ»** **Міндеттері:** Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану. **(құрастыру, математика негіздері)**	**Дидактикалық ойын** **«Шебер қолдар»** **Міндеттері:** Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. **Міндеттері:** Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. **(мүсіндеу, жапсыр)**	**«Жылы түстермен сурет сал»** **Міндеттері:** Бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. **(сурет салу, мүсіндеу)**
Балалардың үйге қайтуы	Отбасылық фотосурет көрмесі: «Қыс қызығы»	Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау.	Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету.	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Демалыс күнді жақсы өткізу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым : «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы»МКҚК
Топ:«Қошақан» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 16.12-20.12.2024ж

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі 17.12**	**Сәрсенбі 18.12**	**Бейсенбі 19.12**	**Жұма 20.12**
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңғы балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл-күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, баланың қазіргі көңіл-күйі, оны не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білдіру.				
		Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу**.** **«Ажарлы қыс»** ертегі **Міндеті:** Тақырыпты суретпен жұмыс жасай отырып түсіндіру. Суреттер бойынша әңгімелеу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	Балаларды жақсы көңіл -күймен қарсы алу. **Суретпен жұмыс:** «Суретші қай жыл мезгілін салды?» **Міндеті.**Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру. **«Бұл қай кезде болады?» Міндеті:** Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**	**«Жаңа жыл келді!» Міндеті:** Жаңа жыл туралы түсінік беру.Жаңа жыл мерекесі туралы айту **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**
Ата-аналармен немесе баланың басақа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу		**Ата-аналарға кеңес:** «Балаңызбен демалысты қалай өткізесіз?» Ата-аналармен сұхбат.	**Ата-аналарға кеңес:** Жаңа жыл ертеңгілігіне тақпақты жаттап келу.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.

Балалардың дербес әрекеті (баяу Қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		**Үстел үсті ойыны:** «Бөліктерді құрастыр» **Міндеті:** Зейіндікке баулу. **(құрастыру)**	**Дидактикалық ойын: «Өз туыңды тап» Міндеті:** Мемлекеттік рәміздерді тануға үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу**	**«Сипап көр» Міндеті:** Сипап сезу арқылы көкөністердің атын табу**. (математика негіздері)**	**«Қар кесегі»** Міндеті:Балаларға қарандашты дұрыс ұстай білуді үйрету, қар кесегінің суретін салғызу арқылы әдемілікке баулу. **(қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу)**
Ертеңгілік жаттығу	ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ №8 (затпен орындалады) Обруч еденде, аяқтың алдында обручты баса оңға және солға жүгіре айналу5- 6 рет қайталау. Н. қ- обручтың үстіне отыру, аяқты бүге отыру, 1-2 аяқты алда тік ұстау Обруч қолда, төс үстінде, қолда 1-оң аяқты жоғары көтеру, обручты тізеге ілу,2- аяқты алға ұстау, обруч баяғы қалпында 3-4 н. қ.(**дене шынықтыру****)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)		Жақсы көңіл күйде жүру үшін бір бірімізге жақсы тілектер айтайық. Бүгінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары	Қазір жылдың қай мезгілі? Қандай мереке келе жатыр? Жаңа жылға дайындықты адамдар қалай жасайды сұрау. Пікірлерін тыңдау.	**«Не артық» Міндеті:** Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады. **(сурет салу, жапсыру)**	**«Дүкенші» Міндеті:** Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді. **(қоршаған ортамен/танысу)**

		бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**			
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ*		**Қазақ тілі «Қыс» Тілдік дамытушы орта.** **Міндеті:** Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу.	**Дене шынықтыру Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. **Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.** Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). **Музыка Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Міндеті:**Таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Би	**Дене шынықтыру Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру Міндеті: Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.** Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру	

			қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындауға үйрету.		
		«Шырша» әнін айтқызу. Шыршаға қағаздан ойыншық жасату, оны ілу. Табиғи жаңғақтардан шыршаға ойыншық жасатып, ілу, сипаттау. Жапсырудатабиғиматериалдардыжәнеқағаздытүрлендіруәдістерін(жырту, умаждау,бүктеу,қатпарлау) қолдануды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, музыка, құрастыру, жапсыру)**	Жаңа жылдық сыйлық қорапшасын көрсету. Қай кезде қандай сыйлық алды, қандай сыйлық алғысы келеді? Сыйлық қорапшасының ішінде не зат бар екенін табу, сипаттау. Затесімдерді,етістіктердікелержәнеөткеншақтақолдануды жетілдіру **(сөйлеуді дамыту)** Қазақша оюларды бояп терезе жақтауларын сәндеу. **(сурет салу)** Құрастыру материалдарынан карточкаларға қарап шырша құрастыруға көмектесу **(құрастыру)**	«Қай ертегіден» дидкатикалық ойыны арқылы суреттерді көрсетіп, қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. Жаңа жылға жаттаған тақпақтарменшағын өлеңдердіжатқаайтуын жетілдіру. **(көркем әдебиет)** Геометриялық пішін үшбұрышпентаныстыруды пысықтау, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеугемүмкіндік беру. Карточкалардан үш бұрышты табу ойынын ойнату. **(математика**	Жаңа жыл мерекесіне арналған ас мәзірі. Балалардың сүйікті тағамдары туралы сұрау. Ол тағамды кім жасайды, не үшін ұнататынын сұрау. Суреттердің бір бөлігін көріп, қай тағам екенін анықтауды жасату. **(көркем әдебиет)** Ермексаздан дөңгелектер жасату. Қызғылт мандарин, сары банан, қызыл сары алма жасату. Оларды салыстыру, санату, **(математика негіздері, мүсіндеу)** Мерекелік дастарханға арнап үстел құрастыру. Жасаған заттарын бетіне қоюн ұйымдастыру **(құрастыру)**

				негіздері)	
2- таңғы ас	**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.** Үстел басында мәдинетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас құралдарын, майлықтарды қолдану, тамақ ішкеннен кейін ауызды шаю.				
Серуенге дайындық	Балалармен ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
